

## "Кедентранссервис" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 11 желтоқсандағы N 1750

Кеден төлемдерінің бюджетке түсуін қамтамасыз ету, сондай-ақ кеден органдарының материалдық-техникалық базасы мен әлеуметтік саласын нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мемлекет меншігіне айналған тауарларды, көлік құралдары мен өзге де заттарды кедендік алып жүруді техникалық қамтамасыз етуге арналған шаруашылық жүргізу құқығындағы "Кедентранссервис" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - **Кәсіпорын**) **құрылсын**.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісі функциясын жүзеге асыратын орган болып белгіленсін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.12.31. N 1374 **қаулысымен**. Р 9 8 1 3 7 4 \_

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитеті бір ай мерзім ішінде Кәсіпорынның жарғылық қорына қоса беріліп отырған Тізбеге сәйкес мүлікті белгіленген тәртіппен берсін, Кәсіпорынның жарғысын бекітсін және тіркесін, басшысын тағайындасын,

орналасатын жерін белгілесін, Қазақстан Республикасының Үкіметіне Кәсіпорынды Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіне енгізу туралы ұсыныс енгізсін және басқа да қажетті ұйымдастыру шараларын қабылдасын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 11 желтоқсандағы  
N 1750 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кеден комитеті "Кедентранссервис" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғылық қорына беретін мүліктің

## ТІЗБЕСІ

---

Атауы	Саны	Құны, теңге
1. Ақша қаражаты		2000000
2. Көлік құралы (кедендік еріп жүруге арналған жеңіл автомобильдері)	6 бірлік	3000000
3. Кеңсе жиһазы	10 жиынтық	800000
4. Компьютерлер, басқа да ұйымдастыру техникалары	5 жиынтық	400000

---

Жиыны: 6200000 (алты миллион екі жүз мың) теңге.